

Солтүстік теңізде гравитациялық типті массивті темірбетонды платформалар да қолданылды.

Жоғары тереңдіктерге арналған қатты және серпімді платформаларды жетілдірудің түрлі жобалар жасалды (300-1050м дейін). Жобаларда желдік жүктеулер кезіндегі резонанстық жиіліктердегі өзара компенсация эффектісін қолданады. Мұз жағдайларында жұмыс жасайтын әр түрлі платформалардың құрылымдары да жасалған.

Соңғы жылдары мұнай және газ кен орындарын меңгеру кезінде жүзбелі жүйелерді қолдану тенденциясы байқалады. Негізінен жүзбелі жүйелерді аз шығымды кен орындарды игеру кезінде немесе үлкен қоры бар кен орындарды меңгерудің алғашқы этаптарында қолданады.

Жүзбелі бұрғылау қондырғысының (ЖБҚ) қолданылуының мысалы есебінде 1959 ж Каспий теңізінде құрылымдық барлама бұрғылау үшін құрастырылып, қолданылған жүзбелі негіз бола алады. ЖБҚ пайдаланудың алғашқы жылында 22 ұңғы бұрғыланды, жалпы мөлшері 14000 м тереңдік жер қазылды.

Сонымен бірге жүзбелі кемелерде жақсы қолданысқа ие. 1960 жылы Сокол атты бұрғылау кемесі теңізде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізе отырып 140 ұңғы бұрғылады.

Ең бірінші жүзбелі бұрғылау агрегаттарын құрастыру қыркыншы жылдардың аяғы мен елуінші жылдардың басында теңіз кен орындарын меңгеруге байланысты АҚШ пен КСРО-да жедел қарқынмен дами бастады.

Теңіздегі алғашқы батырылып жіберілетін, ағаштан жасалған жылжымалы негізді 1937 жылы Каспий теңізінде ағайынды Хубецовтар құрастырды. Негіздері ағаштан жасалуына байланысты олар әлсіз болып келді, бірінші ұңғыны бұрғылау кезінде дауылдың тұруына байланысты бұзылып қалды. 1947 жылы инженер Тарасов болаттан жасалған жүзбелі арал жобасын жасады, бірақ белгісіз себептерге байланысты құрастырылмай қалды. Тек 1959 жылы Каспийде Гипроморнефть жобасы бойынша батырылатын жылжымалы бұрғылау қондырғысы жасалды. 1960 жылдардың басында терең барлама бұрғылауға арналған тіректі коллоналары бар ЖБҚ құрастырылды.

АҚШ-та алғашқы ЖБҚ 1949 жылы жасалды, осыдан кейін жүзбелі бұрғылау агрегаттарының флоты тез дами бастады, ал 1957 жылы қатарда 38 ЖБҚ болды.

Алғашқы бұрғылау кемелері 50 жылдардың басында АҚШ пен КСРО-да бір уақытта пайда болды. Бастапқы кезде олар теңіз құрылымдарын теңіздегі құрылысын салу мақсатында құрылымдық барлама бұрғылау және геологиялық іздеулер үшін қолданылып жүрді. Негізінен олар шағын теңіз кемелерге құрлықта қолданылатын бұрғылау станоктарын орнату арқылы қайтадан жабдықталды. 50 жылдардың аяғында АҚШ-та терең ұңғыларды бұрғылайтын су асты кешені бар бұрғылау қондырғылары жасап шығарылды.

Шет елдерде керекті көлемде барлау және пайдалануға арналған бұрғылау үшін негізінен жылжымалы жүзбелі бұрғылау қондырғылары